

Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVI сессиясының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 101 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 09 маусымда № 1378 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы "Теміржол көлігі туралы" Заңының 14 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, тарифтердің қол жетімді деңгейін және халықтың қала маңындағы қатынастарда еркін қозғалуы мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесі бекітілсін.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының **еңбек, жұмыспен қамту және көлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы** Р. Бадаеваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиқовке жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XVI сессиясының төрағасы
VI сайланған Алматы
қаласы мәслихатының хатшысы

Ш. Умаров

Қ. Қазанбаев
VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XVI
сессиясының 2017 жылғы
24 мамыр № 101 шешіміне
қосымша

Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 01.12.2023 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Қала маңындағы қатынастар:
1	Қазыбек бек – Алматы 2 – Қазыбек бек
2	Алматы 1 - Қапшағай - Алматы 1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК